

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтмашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2021_4_191

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ:
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Борбасов Саин Молдағалиұлы¹, Жүнісова Бота Надірқызы^{1*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты

*Автор-корреспондент

E-mail: botanadirkyzy@gmail.com (Жүнісова), borbasov54@mail.ru (Борбасов)

Түйіндеме. Бұл мақалада Қазақстанның 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейінгі сыртқы саясатының қалыптасу тарихы қарастырылады. Авторлар белгіленген бес негізгі кезең арқылы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы стратегиялық басымдықтарды ашуға тырысты, бұл өз кезегінде ел басшылығы жариялаған және бекіткен ресми құжаттармен анықталады. Мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстанның сыртқы саясатының тиімділігі мен осы саладағы тәуелсіздіктің 30 жылында қол жеткізген жетістіктері атап өтілді. Сонымен қатар, мақалада Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негізгі серіктестермен екіжақты, көпжақты және аймақтық ынтымақтастықты дамыту мәселелері қамтылған.

Кілт сөздер: тәуелсіздік, сыртқы саясат тұжырымдамасы, ұлттық мүдде, халықаралық қатынастар, бейбітшілік, ынтымақтастық, әлемдік қауымдастық.

MPHTI 03.20

**ПРИОРИТЕТЫ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ**

Борбасов Саин Молдағалиевич¹, Жунусова Бота Надировна^{1*}

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

*Автор-корреспондент E-mail: botanadirkyzy@gmail.com (Жунусова), borbasov54@mail.ru (Борбасов)

Аннотация. В данной статье рассматривается история формирования и развития внешнеполитического курса Казахстана с обретения независимости в 1991 году по сегодняшний день. Авторы раскрывают стратегические приоритеты во внешней политике Республики Казахстан через выделенные пять основных этапов. Которые в свою очередь определены официальными документами изданные и утвержденные руководством страны. В статье обозначены основные проблемы во внешней политики РК и пути их решения. Так же отмечены эффективность внешней политики Казахстана и достигнутые за 30 лет независимости достижения в этой области. Кроме того, охвачены двухстороннее, многостороннее и региональное сотрудничество с основными партнерами во внешней политике Республики Казахстан.

Ключевые слова: независимость, концепция внешней политики, национальные интересы, международные отношения, мир, сотрудничество, мировое сообщество.

IRSTI 03.20

KAZAKHSTAN'S FOREIGN POLICY PRIORITIES: STATUS AND PROBLEMS

Borbasov Sain Moldagaliuly¹, Zhunussova Bota Nadirkyzy^{1*}

¹Ch. Ch. Valikhanov institute of history and ethnology

*Corresponding author E-mail: botanadirkyzy@gmail.com (Zhunussova), borbasov54@mail.ru (Borbasov)

Abstract. This article examines the history of formation and the acquired foreign policy of Kazakhstan since gaining its independence in 1991. The authors reveal that there are five main stages determined in the strategic priorities in the foreign policy of the Republic of Kazakhstan, which, in turn, are approved by the country's leadership. The article describes Kazakhstan's main foreign policy issues and the ways of their solutions. The achievements and effectiveness of Kazakhstan's foreign policy over 30 years of independence had been noted. In addition, it covers bilateral, multilateral and regional cooperation with the main partners in the foreign policy of the Republic of Kazakhstan.

Key words: independence, foreign policy concept, national interests, international relations, peace, cooperation, world community.

Кіріспе. 1991 жылы тәуелсіз мемлекетке айналған Қазақстан әлемінің барлық мемлекеттермен тең, әділ, ынтымақ пен бейбітшілікті жақтайтын қарым-қатынастар орнатуды мақсат тұтты. Сыртқы саясаттың өзекті міндеті-елде түбегейлі әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар жасауда, оның территориялық біртұтастығын сақтауда, мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз етуде, халықаралық қатынастар мен процестерге белсене араласуда, жалпыжаһандық мәселелерді шешуге ат салысуды қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан әлемде болып жатқан халықаралық қайта құрулар мен жаңа қауіп-қатерлерді ескере отырып, дүниежүзілік қоғамдастықпен диалог орнатуды бастап іске асырды. Қазақстан Республикасының 30 жылдық тәуелсіздік тарихындағы жүргізіліп отырған дәйекті де тиімді сыртқы саясаты, атқарылып отырған мәселелерін бұл мақалада негізгі бес кезеңге бөліп қарастырдық. Сонымен бірге сыртқы саясаттағы басты басымдықтар көрсетіліп, негізгі серіктестермен екіжақты қарым-қатынас саласы да қамтылған.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында авторлар негізінен ретроспективті, салыстырмалы-тарихи және типологиялық әдістерге сүйенді. Зерттеуде нақты және логикалық талдау, үйелеу, кеңінен пайдаланылды. Сонымен қатар жұмыс мақсатына сәйкес нақты материалды саралауда компоненттік талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында тәуелсіз Қазақстанның әр кезеңінде бекітілген мемлекетіміздің сыртқы саясатындағы басты бағыттары белгіленген тұжырымдамаларды жан жақты зерделеп, тарихи деректер мен фактілерді талдау, олардың орындалуына баға беруге мүмкіндік тудырады. Осы еңбекті жазуда әлемдік және отандық тарих ғылымында соңғы жылдары қолданылып жүрген ғылыми тәсілдер басшылыққа алынды.

Нәтижелері. Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саясатында көпвекторлық принципті таңдады. 1991 жылы 2 желтоқсандағы президенттік сайлау қорытындыларына байланысты пресс-конференцияда президент Н. Назарбаев Қазақстан Еуропа мен Азияны жалғастыратын көпір болуы керек. Әлемнің барлық мемлекеттерімен экономикалық және саяси байланыстарды қамтамасыз ететін көпвекторлық сыртқы саясатты таңдайды, – деп көрсетті. Президент өзінің «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» атты 1992 жылғы еңбегінде «Қазақстан жаңа халықаралық ортаға тап болды. Оның сыртқы саясатының бағыты ұлттық-мемлекеттік мүдделерге сәйкес өзіндік логикамен дами бастады. Сонымен қатар Қазақстанның сыртқы саясаты жалпыадамзаттық қуатқа ие. Ол халықтардың әлемдік қауымдастықтан өз орнын таба білгенін жақтайды», – деп ескертті. Қазіргі таңда, аталған мақала Қазақстандағы ең тұңғыш маңызды да, негізгі бағыттарды анықтаған стратегиясы деп танылды (Назарбаев, 1992).

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстанмен ынтымақтастыққа мүдделі мемлекеттермен тең құқылы және өзара тиімді қарым-қатынастар орнату және жақсарту туралы тек бейбіт сыртқы саясатты жүзеге асыру ниетін мәлімдегені де маңызды.

Тәуелсіздік алысымен әлем халықтары Қазақстанның бейбіт саясатының куәсі болды. 1992 жылдың 5-ші наурызында Қазақстан БҰҰ мүшелікке қабылданды. Сол жылы ЕЫҚҰ мүшелікке өтті. Қазақстан жаһандық бейбітшілік пен ынтымақ құндылықтарын жақтайтын дамыған әлемдік қатынастар жүйесіне енді.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында әлемдік тартылыс күштерінің орналасуын есептеуге ұмтылды. Қазіргі жаһандық қатынастардағы көпполярлықты басшылыққа алды. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі «Рах Americana» кезеңінің аяқталып Қытайдың, Жапонияның, Ресейдің, Үндістанның, Евроодақтың күшейе түсуін Қазақстан өзінің сыртқы саясатының басымдықтарын айқындауды нақты есепке алды. Қазақстан геосаяси аренада шынайы ойыншыға айналуы мақсат тұтты және осы дәрежеге ол біртіндеп көтеріле бастады. Ел түрлі алпауыт державалар арасында қарым-қатынастар жүргізіп өз мақсат-міндеттерін шешуге біршама табыстарға қол жеткізді.

Мемлекет шетелдермен екі жақты қатынастар орнатуда белсенді шаралар жүргізді. Соның арқасында 1993 жылы Қазақстан Республикасын егеменді ел ретінде 111 мемлекет танып, олардың 92-мен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Кейінірек, 2010 жылы Қазақстанмен 120-дан артық мемлекеттер дипломатиялық қатынастар жасады, бұл сан жылдан жылға арта берді.

Бірінші кезеңде Қазақстан Республикасының алғашқы мемлекеттік институттары: парламент,

үкімет, министрліктер, қарулы күштері, кеден және дипломатиялық органдары құрыла бастады. Мемлекеттік шекараны нығайту шаралары қолға алынды.

Сыртқы саясатты қалыптастырудың екінші кезеңі Президент жарлығымен бекітілген 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Сыртқы саясат тұжырымдамасы болды. Бұл құжат алғаш рет ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерді сақтауға бағытталған көпвекторлы саясаттың маңыздылығын жариялады. Еліміздің аймақтағы орталық географиялық орны Батыс пен Шығысты байланыстыратын көпір ретінде бағаланды.

1995 жылғы Қазақстанның сыртқы саясат доктринасына сәйкес оның Ресей және Қытаймен шекаралас болуы ерекше ескерілді. Ресей Федерациясымен Қазақстанның құрлықтағы шекарасының ұзындығы 7,2 мың шақырымдай болса, Қытай Халық Республикасымен 1,7 мың шақырымдай ортақ шекара бар. Сондықтан Қазақстан әлемдік басым державалар болып саналатын Ресей, Қытай мемлекеттерімен бейбіт, тең және ынтымақтастық қатынастарды орнатуға ерекше мүдделі.

Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделі оның ядролық қарусыз ел ретіндегі статусына байланысты өсе түсті. Әлемде қуаты жағынан 4 орын алатын ядролық қаруларды Қазақстан АҚШ пен Ресейдің көмегімен 1995 жылдың 26 мамырында толық демонстрацияда бітті. Қазақстан стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы келісім-шартқа, Ядролық қаруларды таратпау туралы келісім-шартқа, Ядролық сынақтарға тиым салу туралы жалпыға бірдей келісім-шартқа қол қойды. Қазақстан осындай қызметі арқылы, нақты шаралары арқылы әлем мемлекеттерін ядролық соғыс қаупін жоюға шақырды.

Қазақстанның әлем мемлекеттері арасында бірінші болып қуатты Семей ядролық полигонын жабуы, ядролық қарудан өз еркімен бас тартуы оның ұстанымының айқын екенін көрсеті. Ол – ядролық қарусыз әлем құру. Қазақстанның осындай саясатының үлгісін Ұлыбританияның Стэнфорд университетінің «Ядролық қатерді қысқарту жөніндегі бастама қоры» аса жоғары бағалады. 2011 жылы Лондонда болған Гувер институтының «Тежеу: өткені және келешегі» атты халықаралық конференцияда 13 дамыған ядролық қаруы мен қондырғылары бар мемлекеттердің ірі мамандары «әлемнің бейбітшілік туралы» сөз айтатын барлық қайраткерлеріне Қазақстанның нақты бейбітшілікті қорғау тәжірибесіне үнілуі керек, - деп ескертті. Қазақстан күшке емес, қажеттілікке негізделген жаһандық ұсыныстар жасауда. Соның нәтижесінде Семей полигонының 1989 жылы 29 тамызда жабылуы күнін БҰҰ әр жыл сайын аталып өтетін Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күрес күні деп жариялады. Қазақстан атом қуатын тек қана бейбіт мақсаттарға, қуат көзі ретінде пайдалану туралы ұсыныстар айтты. Соның бірі Ядролық отынның халықаралық банкіні жасау. Ондағы мақсат төмен байытылған уранның кепілді қорын жасау арқылы атом электрстанцияларын салатын мемлекеттерге атом реакторлары қондырғыларын құруға көмектесу.

Мемлекеттік органдарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігіне мемлекеттік шекараларды делимитациялау процесін тезірек аяқтау тапсырылды.

1995 жылғы Тұжырымдамада Қазақстанның сыртқы саяси ынтымақтастығы аясында Батыстың басымдылығы жарияланғанын атап өткен жөн, бұның себебі 1994 жылы 27 мамырда Қазақстанның НАТО-мен диалог пен әскери ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қосылуы.

Қазақстанның сыртқы саясатын қалыптастырудың үшінші кезеңі 2001 жылы 15 наурызда Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесімен бекітілген Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасы болды. Бұрынғы концепциялардағыдай көпвекторлық принципке ерекше көңіл бөледі. «Көпвекторлық» термині халықаралық аренада Қазақстанның қалауы мен мүмкіндіктері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылудан шыққан прагматизм мен реализмнің туындысы болып табылады.

Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы және әртараптандырылған болып қала береді, бірақ бұл көпвекторлық негізгі сипатқа ие бола бастады. Сонымен қатар, тұжырымдамада Қазақстанның халықаралық ұйымдарға, соның ішінде Қазақстан бастамашы болған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК) қатысу мәселесі ерекше орын алады. Онда – Европа Одағы (ЕО) мен Америка Құрама Штаттарымен (АҚШ) қарым-қатынасқа көп көңіл бөлінді.

2001 жылғы Қазақстан Республикасының Сыртқы саяси тұжырымдамасының сол кездегі жағдайға бейімделуіне қарамастан, құжатқа белгілі бір өзгерістер енгізілді. Сыртқы қауіптер – 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік акт, Ирак пен Ауғанстандағы соғыстар, лаңкестіктің таралуы және тағы басқалар – әлемдегі жағдайды толығымен қайта қарауға мәжбүр етті. Осыған байланысты 2005 жылы президент Н. Назарбаевтың жарлығымен 2001 жылғы Тұжырымдамаға кейбір өзгерістер енгізілді. Бұл жолы Қазақстанның алдында шешуді қажет ететін жаңа мәселе тұрды – жаңа аймақтық көшбасшы ретінде Қазақстанның әлемдік аренадағы мүддесін қорғау. Сыртқы саяси стратегияда «бірінші экономика, екіншіден саясат» қағидасы ұстанды. Басымдықтар нақты айқындалды: Ресей Федерациясы, Қытай, АҚШ, ЕО, Орталық Азия және Ислам әлемі.

Сыртқы саяси курсты қалыптастырудың төртінші кезеңі «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген сыртқы саяси бағытқа негізделген 2014 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы болды. Бұл тұжырымдаманың бұған дейінгілерден түбегейлі айырмашылығы Дүниежүзілік тәртіптің өзгеруі, биполярлық жүйенің жойылуы және халықаралық қатынастарда көпполярлылық белгілерінің пайда болуы қазіргі дүние шындығына жауап беретін және Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік мүдделеріне сай келетін сыртқы саясаттың қажеттілігін туындауы (Тоқаев, 1997:14-15).

Қазақстан Республикасының 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы негізінде құрылғанын атап өту маңызды. 2014-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамада даму стратегиясын нәтижелі жүзеге асыру үшін оң сыртқы жағдайлар жасау, көпэтносты қоғамдастықты нығайту, халықтың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ету, азаматтық құқықтардың кепілдіктерін қамтамасыз ету, азаматтық құқықтардың кепілі болып табылатын, құқықтық және демократиялық мемлекет құруға ерекше көңіл бөлінген. Егер бұрын негізінен мемлекет мүддесін қорғауға баса мән берілсе, бүгінгі таңда салмақ орталығы дамудың демократиялық жолын таңдаған мемлекет үшін өте маңызды және қажетті қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға дәйекті түрде ауысуда (Қазақстан – 2050 стратегиясы, 2018).

Қазақстанның 2014-2020 жылдарға арналған сыртқы саясатының жаңа тұжырымдамасында БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ИБҰ, ҰҚШҰ және ЕАЭО сияқты ұйымдар аясындағы көпвекторлы дипломатия мен ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлінген. 2019-2020 жылдар аралығында төрағалық Қытайдан Ресейге ауысқан АӨСШК аясындағы қызмет белсендірілді.

Қазақстанның қарулану және жаһандық қауіпсіздік мәселесіндегі біржақты ұстанымы мемлекеттің ядролық қарусыз әлемді кеңейту және жаппай қырып-жою қаруын таратпау саласындағы көшбасшы ретіндегі беделін арттыруға мүмкіндік берді. Ал аталған тұжырымдамада бұл мәселеде Қазақстанның сыртқы саясатының сабақтастығы сақталған. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев «Ядролық қарусыздану және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» жаңа арнайы сыйлығын құрды, ол жыл сайын 29 тамызда – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп белгіленді.

Әлемді 2007-2009 және 2011 жылдардағы дағдарыстарға итермелеген іргелі қаржылық-экономикалық мәселелер шешімін тапқан жоқ, Сондықтан өзімізді ықтимал қаржылық және экономикалық күйзелістерден қорғау мүмкін емес. Осыған байланысты әлемдік аренадағы қатаң бәсеке мен дағдарыс жағдайында экономикалық дипломатияны нығайту, Қазақстанның сауда-экономикалық ұстанымдарын нығайту және инвесторлар үшін тартымдылықты арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ол үшін Қазақстанда инвестициялық омбудсмен институты құрылды, ол барлық инвестициялық дауларды шетелдік инвесторлардың қатысуымен қарайды.

Қазақстанның өңірлік және соның салдары ретінде жаһандық интеграциялық ынтымақтастықты тереңдету саясаты Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшеліксіз мүмкін емес еді. 19 жылға созылған келіссөздерден кейін 2015 жылдың 30 қарашасында Қазақстан ДСҰ-ның 162-ші толыққанды мүшесі болды. Бұл Қазақстанның ДСҰ-ға мүше елдерге өз тауарларын төмендетілген кедендік тарифтермен – 6,5% жеткізу мүмкіндігін берді, бұл ЕАЭО елдерінің белгіленген тарифтерінен (10,4%) төмен. Қазақстаннан Еуропаға және басқа елдерге дайын өнім әкелу бұрынғыдан тиімді бола түсті.

Ел ішінде қоғам тарапынан экономикалық және қаржылық негізділікке қатысты туындайтын сұрақтарға қарамастан, Қазақстан белгілі бір дивидендтер алатын имидждік жобаларға ерекше көңіл бөлуде. Олардың қатарында Астанада жыл сайынғы әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі, 2017 жылы Алматыда жастар арасында өткен қысқы универсиада, Астанада орын алған ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі, 2018 жылы Астана халықаралық қаржы орталығының ашылуы және басқа да ірі жобалар бар.

Қазақстан сондай-ақ өз мүдделері аясында бірқатар өңірлік және жаһандық құрылымдардың қызметіне қатысу арқылы өзінің халықаралық беделін нығайтуға ұмтылады. Көптеген қазақстандық бастамалардың халықаралық қоғамдастық тарапынан қолдау табуына байланысты бұл елдің халықаралық имиджін жақсартады, Қазақстанның БҰҰ-дағы рөлін арттырды.

Сонымен, Қазақстанның 2015 жылғы Ресей мен Түркия арасындағы қақтығыстардағы, Сириядағы қақтығысты реттеу бойынша Астана процесі сияқты түрлі қақтығыстардағы делдалдық күш-жігерінің арқасында Қазақстан 2017 жылғы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды.

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшелік кезеңі еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды кезеңге айналғанын және жаһандық халықаралық қайта құрулар кезеңімен, сондай-ақ Қазақстанның негізгі серіктестері арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуімен тұспа-тұс келгенін ерекше атап өткен жөн. Ресей Федерациясы, бір жағынан, АҚШ пен Еуропалық Одақ - екінші жағынан.

Бұл кезең еліміздің көпвекторлы сыртқы саясаты үшін де сынақ болды, өйткені Қазақстан Ресей, Қытай, АҚШ және ЕО сияқты негізгі серіктестермен күрделі қақтығысқа түспей, өзінің ұлттық мүдделерін сақтауда қағидаларды ұстанатынын бірнеше рет көрсетті.

Елбасының 2019 жылға арналған Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан халқының әл-ауқатының өсуі мен тиімді сыртқы саясат жүргізудің диалектикалық өзара тәуелді байланысы аталып өтілген. Елдің тәуелсіздігімен бірге басталған көп векторлы сыртқы саясатын сынаушылар баршылық. Тіптен, Қазақстан жалпақ, барлық басым державаларға жығылғыш саясат жүргізіп отыр деп сынаушылар көп. Ұстамды саясаттанушылардың бұл сындарға беретін жауабы мен аргументі бар.

Біріншіден, көп векторлы сыртқы саясат арқасында Қазақстанның территориялық тұтастығына нұқсан келтіретін бірде-бір әскери күш көрсету инциденті болған жоқ. Елдің құрлықтағы, теңіздегі шекарасы белгіленді. Әлемдік басым державалар Қазақстанның шекарасының мазғымастығын шартпен мойындады.

Екіншіден, әлемдік қауіп-қатерлердің негізгі бағыттары болып саналатын халықаралық терроризмге, діни экстремизмге, наркотрафикке қарсы күресудің тиімді, күшті жолдары іске қосылды. Қазақстан әлемдік қауіп-қатерлерге әлемдік қауымдастықпен бірлесіп күресуге қол жеткізді.

Үшіншіден, әлемдік экономикалық тәртіптердің архитектурасынан өз орнын алуда. Әрине, әзірше ел табысының 25 пайыздан астамы шикізат өнімдерін сатуға тәуелді. Алдағы уақытта Қазақстан әлемдік нарыққа өзіне тән тауарларымен, сапалы азық-түлік өнімдерімен шығуға дайындалуда. Біздің ұн, ет, май, тері өнімдерімізге сұраныс арта түсетініне көзіміз жетуде. Сондықтан агроөнеркәсіп кешенін дамыту кезек күттірмейтін мәселеге айналып отыр.

Төртіншіден, Қазақстан әлемдік державалар Ресей, Қытай, АҚШ-пен ойдағыдай қарым-қатынастар орнатуға қол жеткізу арқылы өзінің геосаяси жағдайын елеулі жақсартты. «Еуропаға жол» деп аталған сыртқы принципі елдің Евроодақ мемлекеттерімен тығыз қатынастарын қамтамасыз етті. 2010 жылы Европадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымына төрағалық ету, осы ұйымның Астанада VII саммитін өткізу елдің халықаралық беделін өсіріп, әлемдегі имиджін жақсартты. 2011 жылы Қазақстан құрамына 50-ден астам мұсылман елдер кіретін Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуі ислам уммасы алдында беделін өсірді. Біздің елдің ұсынысымен бұл ұйым Ислам ынтымақтастығы ұйымы деп аталатын болды. Аталған әлемдік ұйымдарға төрағалық ете отырып Қазақстан жаһандық қайшылықтар көзі болып отырған Ауғанстан, Преднистровье, Таулы Қарабақ, Сирия мәселелерін шешуде өз үлесін қосты. Әсіресе, «Астана процесі» деген атауға ие болған келіссөздер Сириядағы соғысты тоқтатуға елеулі түрде ат салысуда.

Бесіншіден, Қазақстан орта көлемді, тәуелсіздігін жолға алған, өзінің сыртқы саясатында бейбітшілікті ұстанған жас мемлекет. Біздің ел әлемдік қауіп - қатерлер мен қайшылықтарды әлемдік қауымдастық бірлесіп қана шеше алатындығын жақсы түсінеді. Сондықтан Қазақстан жаһандық қауіптерге, қайшылықтарға, техногендік, табиғи апаттарға қарсы әлемдік қауымдастықтың позитивті әрекеттерінің қандай да болмасын бағыттарын қуаттайды (Назарбаев, 2018).

Бұдан кейін 2019 жылдың 19 наурызында, Қазақстанның алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев билікті қазіргі Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа өткізіп бергені баршамызға мәлім. Алайда, сыртқы саясат саласында да бұрынғы алған беттен, айтарлықтай ауытқулар жоқ. Керісінше Елбасының ішкі және сыртқы саясатта алға қойған мақсат міндеттері жалғасын тауып сабақтасып жатыр.

2020 жылдың 6 наурызында, Президент Қ-Ж. Тоқаев Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Кейінгі тұжырымдаманың орындалуын бесінші кезең деп атауға болады. Тұжырымдама жеті негізгі тараудан тұрады. Жалпы алғанда, осы Тұжырымдама сыртқы саяси құжаттарды әзірлеудің әлемдік практикасының оң тәжірибесін жинақтайды және оны Қазақстанның дамуының қазіргі жағдайына бейімдейді.

Қазақстанның мемлекеттік дамудың жаңа кезеңіне шығуы және жаңа экономикалық бағыттың қалыптасуы Қазақстанның сыртқы саясатын жаңа болмыс пен сын-қатерлерге алып келеді. Біріншіден, саяси және экономикалық ықпал, халықаралық нарықтар мен инвестициялық ағындар үшін мемлекетаралық бәсекелестіктің күшеюі аясында Қазақстан өзіне әлемдік қоғамдастықтың жауапты мүшесі, Еуразия құрлығының геосаяси және геэкономикалық орналасу жүйесінің негізгі элементі, Орталық Азия өңіріндегі көшбасшы мемлекет мәртебесін бекітуі тиіс. Екіншіден, жаһандық және өңірлік ахуалдың қарқынды өзгеруі жағдайында ел мен әлем үшін нақты нәтижелерге қол жеткізу мақсатында прагматизм, жүйелі талдау негізінде Қазақстанның халықаралық бастамаларын барынша тиімді және жүйелі ілгерілетуді қамтамасыз ету маңызды. Үшіншіден, «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес және әлемдегі дамыған отыз мемлекет қатарына кіру бойынша стратегиялық міндетті ескере отырып, сыртқы периметрде мемлекеттің, бизнестің, әрбір азаматтың мүдделерін ілгерілету мен қорғауға назар аударуды күшейту қажет. Бұл қуатты, халықаралық қарым-қатынастардың қазіргі жүйесімен тығыз байланысқан үйлесімді және әлеуметтік жауапты мемлекет құрудың негізгі шарты болып табылады.

Сыртқы саяси ой-пікірлер мен дипломатиялық құралдар жүйесін ұзақ мерзімді талаптарға сәйкес келтіру қажеттігі осы құжатты қабылдаудың орындылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді және орнықты даму стратегиясында, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарында және Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді ескере отырып әзірленді.

Қазақстанның сыртқы саяси стратегиясы келесі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

1) елдің тәуелсіздігін, мемлекеттік егемендігін және аумақтық тұтастығын нығайту, сыртқы саяси бағыттың дербестігін сақтау;

2) Орталық Азия өңірінде Қазақстанның көшбасшылық орнын нығайту және ұзақ мерзімді мүдделерін ілгерілету;

3) Қазақстанды халықаралық және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде елеулі үлес қосатын халықаралық қоғамдастықтың белсенді және жауапты мүшесі ретінде көрсету;

4) шет мемлекеттермен екіжақты және көпжақты форматта достық, болжамды және өзара тиімді қарым-қатынастарды сақтау, мемлекетаралық бірлестіктер және халықаралық ұйымдармен кешенді өзара іс-қимылды дамыту;

5) ұлттық экономиканың бәсекелестікке қабілеттілігін, қазақстандықтар тұрмысының деңгейі мен сапасын көтеру мақсатында сыртқы саясаттың әлеуетін толыққанды пайдалану;

6) сыртқы саяси әдістер арқылы көпұлтты Қазақстан халқының бірлігін сақтау және нығайтуға жәрдемдесу;

7) Қазақстан азаматтарының және ұлттық бизнестің іс жүзіндегі мүдделерін мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі бағытына айналдыру;

Мақсаттарға қол жеткізу мынадай міндеттерді қоюды және іске асыруды айқындайды:

1) Қазақстанның төңірегінде саяси тұрақты, экономикалық орнықты және қауіпсіз кеңістік құру бойынша күш-жігерді нығайту;

2) Халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздік пен өзара іс-қимыл жүйесінің тиімділігін арттыру бағытын жалғастыру;

3) мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделерін ілгерілету мен қорғауды ескере отырып, екіжақты және көпжақты деңгейде сыртқы саясаттың басты мәселелеріне қатысты жаңа тәсілдер тұжырымдап, іске асыру;

4) сыртқы саясатты «экономикаландырудың» жаңа деңгейін қамтамасыз ету, әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде Қазақстанның ұстанымдарын одан әрі күшейту;

5) «гуманитарлық дипломатияны» жандандыру, халықаралық қоғамдастықта елдің жағымды бейнесін танымал ету;

6) сыртқы саяси мәселелер бойынша қазақстандық қоғамдастықпен тиімді байланыстар жүйесін орнату;

7) шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке және отбасылық құқықтарын, жеке және заңды тұлғаларының заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмысты жетілдіру (Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 2020).

Екі жақты және көпжақты сыртқы қатынастар Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамаларының барлығында дерлік қамтылған. Бұл Концепцияларда қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі даму бағыттары анықталып, дипломатиялық қызметтің міндеттері көрсетілді. Қазақстанның сыртқы саясатының негізі мақсаты – елдің ұлттық мүддесін қорғау екендігі ескерілді.

Ресей Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың 17 желтоқсанында таныды. Ал Қазақстан Ресейдің және одақтас республикалар тәуелсіздігін 1991 жылы 20 желтоқсанда танитындығын жариялады. 1992 жылы 20 қазанда Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасында «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа» қол қойылды. Екі ел бірін-бірі сыйлайтын-дығын, егемендігін және мемлекеттік шекаралардың мызғымастығын танитындығын жария етті. Осы келісім Шарт негізінде екі елдің достық қатынастары басталды. Қазақстан Ресейдің ең сенімді одақтасына айналды. Қазақстанда антиресейлік пікірлер айтылмады. Осы лайықты қатынастар 1998 жылы 6 шілдеде Қазақстан мен Ресейдің арасындағы «Мәңгі достық пен ынтымақтастық туралы Декларацияға» қол қойылуына әкелді. 2000 жылдың басында екі ел өзара шекарасын толық демаркация жасау жұмыстарын аяқтады.

Қазақстан Евразиялық кеңістіктегі Ресейдің геосаяси және геэкономикалық маңызын жоғары бағалайды. Сондықтан ҚР сыртқы саясатында ресейлік вектор басым бағыттарының бірі. Ресейде де өзінің сыртқы концепциясында Қазақстанды өте жақын стратегиялық одақтас ретінде бағалайды.

Қазақстан мен Ресейдің Кеңес Одағы күйрегеннен кейінгі қарым-қатынастары өзінің дамуында бірнеше сатылардан өтті. Ең алдымен, тең мемлекеттер ретінде екі жақты қатынастардың жаңа құқықтық негіздері жасалынды. Соның негізінде мемлекетаралық қатынастардың экономикалық және саяси ынтымақтасудағы моделі қарастырылды. Стратегиялық ынтымақтастықты жасайтын сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық салаларда интеграцияны кеңейту және тереңдету көзделді.

1991-2000 жылдар аралығында Қазақстаннан 1,2 миллиондай орыстар Ресейге, шетелдерге қоныс аударды. Орыстардың ел халқындағы үлес салмағы 1991 жылғы 41 пайыздан 24 пайызға, яғни 6,1 миллионнан 3,9 миллионға кеміді. Екі жақ бұл құбылысты Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі табиғи эмиграциялық құбылыс деп бағалады. Азаматтардың өз Отандарын таңдауына ешқандай қысым көрсетілген жоқ. Ел халқы өз азаматтығын өркениетті демократиялық принциптер негізінде шеше алды.

1995-2001 жылдар аралығында Ресей мен Қазақстан Батыс мемлекеттеріне қарағанда өзара қарым-қатынастарды жақсартудың, Евразиялық кеңістікте жаңа тұрпатты экономикалық, сауда және ақпараттық интеграциялану кеңістігін жасаудың қажеттілігін сезінді. Осы жылдарда екі ел арасында әскери-техникалық саладан бастап, сауда-экономикалық, гуманитарлық салаларға дейін қамтыған түрлі келісім шарттарға қол қойылды. Ресей мен Қазақстан басшылары әр жылда 10-15 реттен түрлі дәрежедегі кездесулер мен келісімдер өткізіп отырды.

Ресей ТМД елдерін жақын шет елдер ретінде бағалап олармен екіжақты байланыстыратын қатынастарды жақсартта бастады. Әсіресе түрлі аймақтық мемлекетаралық бірлестіктер мен одақтар құруға иек артылды. Осы саясат шеңберінде Орталық Азия Ресейдің сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі ретінде таңдалды. Ортақ шекарасы ең ұзақ көршісі ретінде Қазақстанға Ресей ерекше көңіл бөлді. Әрине Кремль Ресейдің Кеңес Одағы кезіндегі ықпалы мен қуатын қалпына келтіруді көздейтіні құпия емес. Алайда Ресейдің бұл мақсаты Орталық Азияда Қазақстанның беделінің өсуіне және ЕвроАз ЭС, ҰҚО, (ДҚД) (ұжымдық қауіпсіздік одағы), ШЫҰ шеңберінде екіжақты және көпжақты қарым-қатынастарды дамытуына кедергі болған жоқ.

Сонымен қатар Ресейдің Орталық Азияға қатысты саясатын белгілеуде екі мүдделі топ әсер етті. Бірінші, Ресейдің бұрынғы ықпалын өзгертпей сақтау, Орталық Азия мемлекеттерін Ресей құзырына ұсынту болса, екінші топ, мұндағы мемлекеттер өздерінің мәселелерін өз мүдделеріне сәйкес шешкені дұрыс деп есептеді. Бұл позициялардың нақты көрінісі Ауғанстандағы оқиғаларға қатысты байқалды. АҚШ-тың Ауғанстанға әскер кіргізуіне байланысты Қырғызстанда, Өзбекстанда өз әскери базаларын, қоймаларын салуы мәселесі көтерілді. Қырғызстан Манас әуежайының қасынан АҚШ әскери базасын тұрғызуға рұқсат берсе, Қазақстан өзінің әуе кеңістігі арқылы АҚШ-тың АҚШ тасымалдау авиациясының ұшуына келісім берді. Жаңа геосаяси ахуалға қатысты, Ресей осы келісімдерге көнуге мәжбүр болды. Оның қуатымен әлі де әлем мемлекеттері есептеседі.

Ресей Федерациясының Қазақстанмен 7200 км. ортақ шекарасымен қоса 5 әскери-сынақ полигондары бар. Олар: 929-шы Мемлекеттік жазғы сынақ орталығы (929 ГЛИЦ) Батыс Қазақстанда; «Эмба» полигоны Ақтөбе облысында; «Сары Шаған» сынақ полигоны Жамбыл, Қарағанды облыстарында; 4-ші мемлекеттік сынақ полигоны (4 ГЦП) Батыс Қазақстанда және ең ірісі «Бай-қоңыр» космодромы Қызылорда облысында орналасқан. Бұл космодром Ресейдің космостық бағдарламаларын жүзеге асыратын негізгі кешен ретінде белгілі. Ресейге Қазақстан «Байқоңырды» 20 жылға жалға беру туралы келісімге 1994 жылы 28 наурызда қол қойған. Болашақта бұл келісім ұзартылуы мүмкін.

Ресей жағы Қазақстанға «Байқоңыр» кешені арқылы космостың бағдарламаларын жасауға және іске асыруға көмек көрсетуде. Қазақтың тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев Ресей топтарымен бірге «Байқоңырдан» ғарышқа сапар шеккені белгілі. Қазақстанның әскери сапар ғана емес сыртқы саудадағы негізгі әріптесі Ресей. Екі ел арасындағы сыртқы сауда айналысы 2019 жылы 19,6 млрд. АҚШ долларынан асып 2018 жылғы екі ел арасындағы тауарайналыммен салыстырғанда 6,7 пайызға өскен (Товарооборот между Россией и Казахстаном, 2019).

Бұрынғыдай Қазақстан Еуразиялық кеңістіктегі интеграция үдерісіне – Еуразиялық экономикалық одақтың кеңеюіне үлкен көңіл бөлуде. Дегенмен, Қазақстан мен Ресейдің болашақ Еуразиялық жобаға қатысты әртүрлі көзқарастары ЕАЭО тиімділігінің төмендігінің негізгі факторы болып табылады. Бұл интеграциялық жобада Қазақстан үшін егемендіктің мызғымастығы, прагматизм мен оның барлық қатысушылары арасындағы өзара тиімділік негізгі мәселелер болып қалуы тиіс.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше геосаяси маңызы бар мемлекет Қытай Халық Республикасы. Бұл елдер арасындағы ортақ шекараның ұзындығы 1700 шақырым. Екі ел тарихи көршілер. Екі ел де демократиялық модернизация мен нарық экономикасы жасап, дамуға құлшына кірісті. Сондықтан екі ел үшін де бейбітшілік, өзара татулық пен экономикалық-сауда әріптестігін дамыту пайдалы. Қытай өзінің батыс өңірі Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданына Қазақстандағы саяси тұрақтылықтың дұрыс ықпал етуін қалайды. Шығыс Түркістан өңірін қамтитын Ұйғырстан мемлекетін құруды жоспарлайтын ұйғыр сепаратистерінің мақсатына Қазақстан да түбегейлі қарсы.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қытай бірден-бір қуатты социалистік мемлекет болып қалды. Қытайдың мақсаты әлемдік саясаттың негізгі бағыттары түгел дерлік қамтыған АҚШ басымдылығын азайту. Сондықтан ҚХР Орталық Азия мемлекеттерімен жан-жақты қарым-қатынастарды нығайта отыра бұл аймақтағы АҚШ ықпалының аз болуына мүдделі. ҚХР осы мақсатта

Қазақстан тәуелсіздігін тез арада таныған мемлекеттер қатарында Қытай әлемдік озық үлгілерді өзіне тез қабылдау арқылы елдегі демогра-фиялық өсімнен туындайтын азық-түлік, тұтыныс пен тұрғын үй мәселелерін шешуге ұмтылуда. ҚХР Ресей Федерациясымен тығыз ынтымақтастыққа баруы онымен бірігіп АҚШ-тың әлемдік гегемондығына тосқауыл қою ниетіне де байланысты. Ал, Қазақстанмен Қытай «Шыңжаң мәселе-сіне» қатысты ынтымақтасуды көздеді. Сонымен қатар Қытай Қазақстанды Батыс Еуропаға тікелей ашылатын транзит ретінде де қажетсінді. Ал, Қазақстанға ұлы көршімен татулық және оның 1,5 млрд-тық нарық қуаты қажет болды.

Қытайды, сөз жоқ, Қазақстанның энергетикалық қорлары қызықтырады. Ол Каспий теңізіндегі мұнай қорларын игеруге мүдделі. Осы мүдделіктің арқасында заманауи алып құрылыстар Атасу-Алашанкой мұнай құбыры, Батыс Еуропа-Батыс Қытай (ұзындығы 8,4 мың шақырым) автомагистралі өмірге келді. Бұл автомагистралдың 2,3 мың шақырымға жуығы Қазақстанның 5 облысын басып өтеді. 2010 жылы Қытайдың мұнай компания-ларының Қазақстанның Батыс өңіріндегі мұнайды өндірудегі салмағы 23 пайызды құрады. Қытай компанияларының Қазақстан мұнайының 3-тен 1-ге жуығын иеленуі екі ел арасындағы экономикалық-сауда байланыстарын одан сайын нығайта түсті. Қытайдың мұнайға зәрулігі өскен сайын оның Қазақстанға деген қызығушылығы да өсе түсті.

Қытай Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған және онымен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан алғашқы елдердің бірі. 1992 жылы 3 қаңтарда құрылғаннан бергі 30 жыл ішінде екі ел басшыларының бірлескен басшылығымен Қытай-Қазақстан қарым-қатынастары нөлден дамып, халықаралық жағдайдың сынақтары мен барлық құбылыстарына төтеп берді, тамаша және жарқын белестерден өтті. Екі елдің халықтарына нақты игілік әкеліп қана қоймай, сонымен бірге бүкіл аймақтағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен дамуды ілгерілетуге маңызды үлес қосқан және екі ел арасындағы тату көршілік пен достық қарым-қатынаспен қатар өмір сүрудің үлгісіне айналған ерекше даму жолы. Қытайдың «отызда аяққа тұр» деген мақал сөзі бар, екі ел арасындағы байланыстардың дамуын жақсы көрсетеді. Қытай Орталық Азия аумағындағы өз ықпалын арттыруды күш көрсету немесе әскери қуатпен қорқыту саясаты арқылы емес өркениетті елдерге тән инвестициялар құю, сауда көлемін арттыру, ақпарат пен технология алмасу, экономикалық ынтымақтасудың жаңа жолдарын игеру саясаты арқылы іске асырамыз деп жариялады. Қытай Қазақстанның шекаралық біртұтастығы мен мемлекеттілігіне қол сұқпаймыз деп жариялауда. Қазіргі Қытай «XXI ғасырдың геосаяси өзгерістеріне тән бағыт-бағдар ұсынатын мемлекетпіз, бізге агрессия, экспанция құбылыстары жат» деген ұранмен әрекет етуде. Қытай өзі ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан көрші кішкентай мемлекеттерді жұту саясатынан бас тартқандай сынай танытуда. Қытай «айдаһары» жалынымен ешкімді шарпымайтын бейбіт айдаһарға айналғандай. Оның айғағы қытай басшылығының Қазақстанға көршіліс аймақта орналасқан Лобнор ядролық сынақ полигонын жабуы. Қытай басшылығы бірнеше мәрте Қазақстанға ұзақ мерзімдік кредит берді. 2009 жылы Қазақстан Қытайдан 10 млрд. доллар көлеміндегі қарыз алғаны белгілі. Қытай-Қазақстан шекарасында алаңдаушылық туғызатын шиеленісті оқиғалар болған жоқ.

Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан шыққаннан кейін Қытаймен тығыз экономикалық, сауда, инвестициялық қарым-қатынастар жасай бастады.

Осыдан 30 жыл бұрын Қытай мен Қазақстан арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағалы бері екі ел сауда-экономикалық саладағы ынтымақтастықтың бірқатар жемісті нәтижелеріне қол жеткізді. Сауда көлеміне келсек, 1992 жылы Қытай мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының көлемі небәрі 368 миллион долларды құраса, 2020 жылы 21,43 миллиард долларды құрап, 60 есеге жуық өскен. Инвестицияларға келетін болсақ, 2020 жылдың соңында Қытайдың Қазақстанға инвестициясының жалпы көлемі 21,4 млрд долларға жетті, оның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік, қоршаған ортаны қорғау және т.б. салалардағы көптеген жобалар бар. Қытай Қазақстанға шетелдік инвестицияның жетекші көздерінің бірі болып табылады. «Aiju Group» компаниясының Солтүстік Қазақстан облысындағы агрологистикалық паркі, Шымкент мұнай өңдеу зауыты, Алматы облысындағы күн электр станциясы, Қызылорда облысындағы шыны зауыты, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы және басқа да жобалар ауыл шаруашылығының дамуына зор ықпал етті. Қазақстандағы өнеркәсіп және көлік. Қытай мен Қазақстан өздерінің географиялық артықшылықтарын транзиттік ынтымақтастықты жалғастыру үшін пайдаланды. Екі ел арасында 5 жүп тұрақты өткізу пункті, 5 трансшекаралық мұнай-газ құбыры, 2 трансшекаралық магистральдық теміржол желісі және 1 халықаралық шекаралық ынтымақтастық орталығы ашылды. Ляньюньган қаласындағы Қытай-Қазақстан логистикалық ынтымақтастығы Қазақстанға теңізге шығуға мүмкіндік берді. Қазақстан арқылы өтетін Қытай-Еуропа жедел пойыздарының саны артып, 2021 жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында 10030-ға жетті, бұл Қазақстанға табыс әкелді. Қытайлық кәсіпорындар «Астана» халықаралық қаржы орталығының құрылысына белсене қатысуда, бұл екі ел арасындағы қаржы саласындағы ынтымақтастықтың дамуын көрсетеді.

Пандемияның әсеріне қарамастан, екі ел арасындағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясындағы ынтымақтастық қарқынды және салауатты дамуда. 2021 жылдың қаңтар-шілде айлары

аралығында қытай-қазақ тауарларының импорты мен экспорты 14,78 млрд долларды құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30,6%-ға, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,9%-ға өсті. Оның ішінде Қытайдың Қазақстанға экспорты 2020 және 2019 жылдардың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47,6%-ға және 27,8%-ға артып, 7,9 млрд АҚШ долларын құрады; Қазақстаннан импорт 2020 және 2019 жылдардың сәйкес кезеңінде тиісінше 15,4% және 32,6% ұлғайып, 6,88 млрд долларды құрады (Чжан Сяо, 2021:2).

Қытай Қазақстанды стратегиялық әріптес ретінде бағалауда. Екі елдің қауіпсіздігі мәселелері ШЫҰ, АСӨЫК (Азиядағы сенім және өзара ынтымақтастық кеңесі), БҰҰ шеңберінде үнемі талқыланып келеді. Тәуелсіз мемлекет ретінде 30 жыл өмір сүрген Қазақстан экономика мен саясатта Қытай экспанциясын немесе қысымын сезініп отырған жоқ. ШЫҰ қызметінің арқасында екі елдің аймақтық қауіпсіздігін нығайту мәселелеріндегі ынтымақтасуы күшея түсуде. Қытай елінің басшысы Си Цзиньпин «екі ел арасындағы қатынастар үлгі боларлық деңгейде, Қазақстан Қытайдың сыртқы саясатының маңызды басымдылық-тарының бірі», – деп атап көрсетті.

Ал Қытайдың әлемдік экономикалық державаға айналуға ұмтылуы, валютасы юанның әлемдік валютаға айналуы үдерісі Қазақстанның Қытаймен қарым-қатынасының нығая беруіне негіз болмақ.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері АҚШ-тың стратегиялық мүдделері бар аймаққа айналды. АҚШ-тың бұл аймақтағы мүдделері келесі мәселелерге қатысты:

- геосаяси бәсекелестік-аймақты Ресей Федерациясы ықпалынан неғұрлым тазарту. Бұл елдерді Қытай ықпалына түсірмеу, қауіпсіздіктің евроатлантикалық құрылымдарына тәуелді ету;

- қауіпсіздік мәселелеріне қатысты ынтымақтастық орнатып, «әлемдік терроризмге қарсы соғысты» өршіту;

- коммерциялық және энергетикалық мүдделерді қорғау. Әсіресе мұнай-газ секторында АҚШ позициясын күшейту, қуат көздерін тасымалдау жолдарын неғұрлым әртараптандыру. Осылар арқылы АҚШ трансұлттық корпорацияларының мүдделерін қорғау;

- Қазақстан мен Орта Азия елдерінде экономикалық және саяси реформалардың жүруіне ықпал ету. Осы арқылы бұл елдерде Батыстық саяси және экономикалық жүйені таңу. Аймақтық мемлекеттердің егемендігін нығайтуды батыстық моделдермен қабаттастыра жүргізу арқылы бұл елдерді қауіпсіздік пен бейбітшілікті ғана жақтайтын мемлекеттерге айналдыру;

- ядролық қарулар мен технологиялардың таралуына тосқауыл қою. Ядролық қауіпсіздікті нығайту, Қазақстанның суммарлық қуаты жағынан әлемде төртінші орын алатын ядролық қарулар арсеналынан бас тартуын қуаттау және әлем елдеріне үлгі ету;

- Батыс демократиясы мен өмір салтын, нарықтық қатынастар мен либерализм идеологиясының Қазақстанда неғұрлым тереңдей енуіне жағдай жасау және жаһандану санасын қалыптастыру;

- Қазақстанды американдық саясаттағы басымдықтарын мойындайтын, АҚШ-тың ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірмейтін әріптес және одақтас мемлекетке айналдыру;

- Америка құрама штаттарының сыртқы саясаттық басымдықтарын оның Қазақстанда геосаяси, геоэкономикалық және геостратегиялық мүдделері бар екендігін анық көрсетеді. Әсіресе, 2001 жылғы қыркүйекте Нью-Йорк қаласында болған, алапат террористік актілерден кейін АҚШ басшылығы Ауғанстанға жақын орналасқан Қазақстанмен ынтымақтастық орнатуға ерекше ден қойды. 20 жыл уақыттан соң 2021 жылдың тамызында президент Д. Байден Ауғаныстан аумағынан АҚШ әскерін алып шығуда Отралық Азия мемлекеттерінен, соның ішінде Қазақстаннан ауғаныстанда жұмыс істеген халықаралық ұйымдардың жұмысшыларын уақытша орналастыруды сұрады. АҚШ күштері кеткен соң Ауғаныстанда талибан тобы билікке келгені белгілі, Қазақстан билігінің өкілдері олармен бірқатар кездесулер өткізіп гуманитарлық көмек көрсетуде (Қазақстан делегациясы Кабул қаласына жұмыс сапарымен барды, 2021). Айта кетерлік жайт, осы уақытта Ауғаныстан аумағындағы тұрып жатқан қазақтар да Қазақстанға кетуде көмек сұрап жатыр.

Сонымен бірге АҚШ Қазақстанның мұнай-газ нарығында шешуші ойыншы болуды қалай отыра өз инвестицияларын Қазақстан экономикасының осы саласына бағыттады. Екі ел арасындағы сауда саттық көлемі 2020 жылы дүниежүзілік пандемия салдарынан күрт төмендеп, 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Министр Бақыт Сұлтановтың айтуынша бұл көсеткіш өткен жылмен салыстырғанда (2,2 млрд доллар) 24,9%-ға азайғанын атап өтті. Бұл ретте 2021 жылдың бес айындағы көрсеткіштерден өсу үрдісі байқалып, сауда айналымы 749,8 млн долларды құрап, 0,2%-ға өскенін мәлімдейді (В 2020 году товарооборот между Казахстаном и США сократился на четверть, 2021).

Қазақстан үшін Орталық Азия аймағының маңызы зор. Мұндай саясат елдің ұлттық мүддесін ілгерілету тұрғысынан қажет. Қазақстанның гүлденуі оның көршілес елдермен қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Бірақ Таяу Шығыс елдері, Ирак, Ауғанстан, Украина және Сириядағы әскери операциялар мысалында әлемдік қауіпсіздік жүйелері сәтсіздікке ұшырауда.

Аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономикалық және саяси ынтымақтастықты тереңдету және Қазақстан үшін туындайтын қауіп-қатерлерге бірлесіп қарсы тұру аясында Орталық Азия өңірі бірінші орында тұр. Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақтылықты, оның ішінде жаңа сын-қатерлер мен қауіптерден ұжымдық қорғауды ұйымдастыруды қамтамасыз етуге ұмтылады

және Орталық Азия аймағында интеграцияны тереңдету үшін көп күш салуды жалғастыруда. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев өңірішілік өзара іс-қимыл аясында ғана су-энергетикалық, көлік-коммуникациялық және аумақтық-шекаралық проблемаларды шешуге болатынын бірнеше рет атап көрсетті.

Қазақстанның ұстанымына сәйкес, аймақтық интеграция Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастық процесіне қатысуы және соның нәтижесінде экономикалық интеграцияға жалғасуының негізі болып табылады. Міне, сол кезде аймақтың жалпы экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шын мәнінде тиімді шешуге, сауда-көлік байланыстарын нығайтуға, аймақ халықтарының әл-ауқатын арттыруға болады. Айта кету керек, Орталық Азиядағы интеграциялану әрекеттері Қазақстан тарапынан бірнеше рет көтерілгенімен, олардың ешқайсысы түрлі жағдайларға байланысты жүзеге аспады.

Бұған Орталық Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық теңсіздігі, сыртқы саяси басымдықтардың айырмашылығы, сондай-ақ президенттердің саяси ерік-жігері себеп болды, өйткені Орталық Азия елдерінде ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын мемлекет басшылары айқындайды. Дегенмен, 2016 жылдың аяғынан бастап Өзбекстанның жаңа президенті Ш. Мирзиёевтің келуімен Орталық Азия мемлекеттерінің интеграциялық үдерісі бұл елдердің болашақта жақындасуына белгілі бір үміттер туғызады. Орталық Азия елдерімен сауда саттық 2021 жылдың мамыр айларындағы ақпарат бойынша Қазақстанның Орталық Азия елдерімен саудасы 2,3 млрд. долларды құрады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша «Соңғы бес жылда Қазақстанның Орталық Азия елдерімен тауар айналымы бір жарым есеге өсіп, 4,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жүйелі диалог пен келісілген іс-әрекет жалпы мәселелерді шешудің ең тиімді және іс жүзінде талассыз тетігі болып табылады. Біздің басты мақсатымыз – Орталық Азияны тұрақты, экономикалық дамыған және гүлденген аймаққа айналдыру. Достық, тату көршілік және өзара сенім рухында біз барлық қиындықтарды абыроймен жеңіп, осы игі мақсатқа жететінімізге сенімдімін», - деп түйіндеді сөзін президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Консультативтік кездесуінде (Тоқаев, 2021).

Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі әріптестерінің бірі Еуропа Одағы. «Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы қарым-қатынастардың құқықтық негізі 1999 жылы шілдеде күшіне енген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісім болып табылады. Сондай-ақ 2015 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі жан-жақты дамытуға ықпал етуге арналған кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. 2016 жылғы 25 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заңға қол қойды», - деп жазылған Алматы әкімі Бақытжан Сағынтаев пен ЕО-тың Қазақстандағы ресми өкілі Кестутис Янкаускас 24.09.2021 жылғы кездесуіндегі хабарламада.

Сондай-ақ ЕО Қазақстанның негізгі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі екені атап өтілді. Соңғы 2020 жылда Қазақстанның сыртқы сауда айналымының төрттен бірінен астамы (28%) және республика экономикасына тартылған шетелдік капиталдың жартысына жуығы (47%) ЕО үлесінде болды.

2020 жылы Қазақстан мен ЕО арасындағы тауар айналымының жалпы көлемі 85 миллиард долларды құрады. Инвестициялардың негізгі бөлігі Нидерландтар, Франция, Германия және Люксембургке келеді. (В 2020 году товарооборот между РК и ЕС)

Соңғы кездегі әлемде орын алып отырған дүниежүзілік пандемия жағдайы, әлемдегі климаттың өзгеруі, осылардың салдарынан туындаған экономикалық және энергетикалық қиындықтар Қазақстанның сыртқы саясаты саласына да өз әсерін тигізді.

Көршілес Ресей мен ұжымдық Батыс (ЕО және АҚШ) арасындағы саяси қатынастардың шиеленісуі және санкциялар соғысы Қазақстанға жанама әсер етіп, сыртқы саяси маневр өрісін одан әрі тарылтты. Дегенмен, бұл дакөпвекторлы сыртқы саясат үшін сынақ болуы мен қатар, ынталандыру болуы мүмкін.

Осы жерде айта кететін жайт, кезінде Совет Одағына кірген славян елдерінің арасындағы қарым-қатынастарындағы дағдарыс одан әрі өрбүде.

Қазіргі таңда Еуропа Одағы әсіресе шығыс еуропа елдері мен прибалтика елдері Польшаның шығыс шекарасында, Украина мен Белорусияда болып жатқан оқиғаларға қатты алаңдаушылық танытып отыр. Әскери күштердің концентрациясы ұлғайып, аймақтағы жағдайды тұрақсыздандыруда.

Тарихқа үнілсек, Қазақстанда поляктардың пайда болуы да ғасырларға созылған Польшаның шығысындағы алып көршісімен күрделі қатынастары әкеп соқтырған. Қазір де Қазақстан аумағында өз тарихы бар *Polonicum* ұйымдары, поляк диаспорасы көпәтносты елімізде алатын орны ерекше. Қазақстандағы поляктардың көбісі XIX-XX ғасырлардағы Ресей империясы одан кейін Совет билігінің репрессиялық әрекеттерінен саяси қуғын сүргінге ұшырап Қазақстанға мәжбүрлі түрде жер аударылғандар.

Бүгінгі күні Ресейдің сыртқы саясаты ықпалына түскен Белорусия басшылығы Польшамен шекарада соғыс болып жатқан елдерден келіп біренеше ай бойы ЕО аумағына өте алмай отырған басқосындар қиын күн кешіп Ресейдің қолшоқпарларының біріне айналып отыр.

Биылғы 2021 жыл түркі әлемі интеграциясында ерекше болып отыр, Түркі мемлекеттері ұйымы құрылды. Дүниежүзілік пандемия кезінде түркітілдес елдердің басшыларының алғашқы офлайн басқосуы 2021 күзінде Түркияның Ыстамбулында орын алған.

Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммиті Ыстанбұл қаласының оңтүстік-шығысында Мәрмәр теңізінде орналасқан Демократия және бостандық аралында өтті. Алқалы жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты. Сондай-ақ Саммитке бақылаушы елдердің басшылары Түрікменстанның Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов пен Мажарстанның Премьер-Министрі Виктор Орбан қатынасты. Осы жиынның қорытындысы бойынша Түркі кеңесінің үшінші тараппен ынтымақтастығы туралы ережелер қабылданбақ. Қазақстан Президенті мұны уақтылы және заман талабына сай әзірленген құжат деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымның жаһандық деңгейде лайықты орнын алатынына сенім білдірді.

Қазақстан Президенті қазіргі күрделі жағдайда сын-қатерлерді еңсеріп, орнықты даму үшін күш-жігер біріктірудің, жаңа технологияларды игеру саласында ынтымақтастық орнатудың аса маңызды міндет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымға мүше мемлекеттер жұмыла отырып, бірлесіп әрекет етуге тиіс бірнеше маңызды бағытты атады.

Қазақстан Президенті осы басқосудың маңызы айрықша екенін айта келіп, Ұйымға мүше елдер татулықтың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осында қабылданған аса маңызды шешімдер мен тың бастамалар тұтас түркі әлемінің бауырластығын нығайта түсетініне сенім білдірді.

Саммит қорытындысы бойынша төмендегі құжаттарға қол қойылды:

1. «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің» атауын «Түркі мемлекеттері ұйымы» атауына өзгерту туралы шешім;

2. Түркі мемлекеттері ұйымының 8-ші Саммитінің декларациясы;

3. Түрікменстанға Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы байқаушы мәртебесін беру туралы шешім;

4. «Түркі әлемінің келешегі-2040» туралы шешім;

5. «Түркі әлемінің бірлігіне қосқан үлесі үшін Алишер Навои атындағы халықаралық сыйлық» туралы шешім;

6. Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Серіктес мәртебесін құру туралы шешім;

7. Түркі мемлекеттері ұйымының Құрметті төрағасының құқықтары туралы ереже жөніндегі шешім;

8. Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының өкілеттік мерзімін ұзарту және Бас хатшының орынбасарларын тағайындау;

9. Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі инвестициялық қорын құруды аяқтау туралы шешім;

10. Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Байқаушы мәртебесі туралы ереже жөніндегі шешім;

11. Әзірбайжан Республикасының Президенті Жоғары мәртебелі Ильхам Әлиевті Түркі әлемінің Жоғарғы орденімен марапаттау жөніндегі шешім (Қ-Ж. Тоқаев Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық VIII Саммитіне қатысты).

Қорытынды. Қазақстанның географиялық орналасуының ерекшеліктері оған геоэкономика тұрғысынан баға беретін болсақ, белгілі бір геосаяси артықшылықтармен қатар қиындықтарды да тудырады. Қазақстанның Ресей мен Қытай арасында орналасуы сыртқы саясаттың икемділігінің факторы болып табылады, сонымен қатар елге Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделеріне қол жеткізуге бағытталған теңгерімді саясатты жүзеге асыруға қосымша мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы дүниежүзілік мұхитқа тікелей шығу мүмкіндігі жоқ әлемдегі ең ірі мемлекет болғандықтан, бұл логистикалық және коммуникациялық қиындықтарға әкеп соқтырады. Осының барлығы Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын белсендендіру және әртараптандыру үшін қосымша ынталандыру қызметін атқарады.

Әлемдік үрдістер жылдамдап, халықаралық қатынастар шиеленіске түскен заманда тиімді сыртқы саясатты іске асыра алған мемлекеттер табысты дамиды. Елдің тиімді сыртқы саясаты түптеп келгенде оның экономикалық қуатының дамуына, сыртқы саудасының өрістеуіне, шетелдік инвестицияны көптеп тартуына, мемлекеттік қауіпсіздігінің нығаюына қызмет етеді. Қандай елдің болмасын бәсекеге қабілетті болуы оның тиімді сыртқы саясаты болуына тәуелді. Жаһандық қатынастар әлемдегі 200 -ге жуық мемлекеттердің өзара байланыстары ғана емес, өзара бәсекелесу және өзара күресу алаңы. Осы қыш-қиғаш тартыстарда қай ойыншы басымдылық көрсетсе, өзіне жақтастар таба біліп, мақсатына жетуге тырмысса ғана сол елдің беделі артады. Ол мемлекетпен басқа елдер санаса бастайды.

Әрине, әлемдік тәртіптерден өз орындарын алып алған басым державалар АҚШ, Қытай, Жапония, Еуропа Одағы, Ресей, Түркия сияқты мемлекеттер өз мүдделерін қорғаудың түрлі тәсілдері мен механизмдерін жолға қойып алған. Олардың стратегиялық басымдықтары әлемнің кез-келген нүктесінде күшпен, әскери фактормен қорғауға алынады. Ал, орташа дамыған Қазақстан сияқты мемлекеттер күш көрсету факторына сүйене алмайтындығы ақиқат. Сондықтан бізге және біз сияқты орта көлемдегі мемлекеттерге бейбітшілікті, ынтымақтастықты, өзара пайдалы экономикалық, сауда, мәдени, ғылыми байланыстарды дамыту маңызды бола түседі.

Қазақстан өзінің көпвекторлы сыртқы саясатын тұрақты жүргізуі арқасында әлем мемлекеттерінің арасында нақты беделге ие болды. Елдің геосаяси тұрғыдағы маңыздылығы, экономикалық және сауда қатынастары тұрғысындағы тартымдылығы, шикізат ресурстары тұрғысынан пайдалылығы оның әлемдік сауда-экономикалық қауымдастығына жылдам енуіне негіз болды. Қазақстанның бейбіт сүйгіш сыртқы саясаты әлемдегі ынтымақ, теңдік, өзара сенім атмосферасын нығайтуға үлес қоса бастады.

Қолданылған қысқартулар:

АҚШ - Америка құрама штаттары

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

РФ – Ресей Федерациясы

ОА – Орталық Азия

АСӨЫК – Азиядағы сенім және өзара ынтымақтастық кеңесі

ШЫҰ – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДСҰ – Дүниежүзілік Сауда Ұйымы

ЕАО – Еуроазиялық одақ

ҰҚО – Ұжымдық Қауіпсіздік Одағы

НАТО – солтүстік атлантикалық келісім Ұйымы, солтүстік атлант Альянсы

Әдебиеттер тізімі

Қазақстан – 2050 стратегиясы. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы / https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты 2020 жыл/Инфографика / Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/35471?lang=kk>

Қазақстан делегациясы Кабул қаласына жұмыс сапарымен барды//17.10.2021. Ақ орда ресми сайты <https://www.akorda.kz/ru/kazahstanskaya-delegaciya-posetila-s-rabochim-vizitom-afganistan-179039>

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан / ресми құжаттар Ақ орда сайты https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevtyyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммитіне қатысты, 12.11.2021 / <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-turkitildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesinin-viii-sammitine-katysty-12105020>

Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. Алма-Ата, 1992 / https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30006969

Тоқаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. Алматы: Білім, 1997. С. 14-15

Тоқаев К.К. Товарооборот Казахстана со странами Центральной Азии вырос в 1,5 раза // [kapital.kz. 06.08.2021 https://kapital.kz/gosudarstvo/97772/tovarooborot-kazakhstan-so-stranami-tsentral-noy-azii-vyros-v-1-5-raza.html](https://kapital.kz/06.08.2021/https://kapital.kz/gosudarstvo/97772/tovarooborot-kazakhstan-so-stranami-tsentral-noy-azii-vyros-v-1-5-raza.html)

Товарооборот между Россией и Казахстаном в 2019 / Sputnik Казахстан <https://ru.sputnik.kz/infographics/20200212/12829821/tovarooborot-russia-kazakhstan-2019.html>

Чжан Сяо Чрезвычайный и Полномочный Посол Китайской Народной Республики в Республике Казахстан инвертью / Астана Ақшамы. 10.09.2021.

В 2020 году товарооборот между Казахстаном и США сократился на четверть // [Kapital.kz. 16.07.2021. https://kapital.kz/economic/97259/v-2020-godu-tovarooborot-mezhdu-kazakhstanom-i-ssha-sokratilsya-na-chetvert.html](https://kapital.kz/16.07.2021/https://kapital.kz/economic/97259/v-2020-godu-tovarooborot-mezhdu-kazakhstanom-i-ssha-sokratilsya-na-chetvert.html)

В 2020 году товарооборот между РК и ЕС составил \$85 млрд. 24.09.2021 // <https://kapital.kz/economic/98992/v-2020-godu-tovarooborot-mezhdu-rk-i-yes-sostavil-85-mlrd.html>

References

Kazakhstan – 2050 strategiyasi. resmi qujattar https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs [in Kazakh].

Kazakhstan Respublikasi sirtqi sayosatining 2020-2030 jildarga arналган tujirimdamasi https://www.akorda.kz/kz/legal_acts/decrees/kazakhstan-respublikasy-syrtyky-sayasatynyn-2020-2030-zhyldarga-arnalghan-tuzhyrymdamasy-turaly [in Kazakh].

Kazakhstan Respublikasining sirtqi sayasati 2020 jil/Infografika // Sirtqi isterministrigining resmi sayti <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/article/details/35471?lang=kk> [in Kazakh].

Kazakhstan delegaciyasi Kabul kalasina jumis saparimen bardı // 17.10.2021. Aqordaresmisayti <https://www.akorda.kz/ru/kazahstanskaya-delegaciya-posetila-s-rabochim-vizitom-afganistan-179039> [in Kazakh].

Memleketbasshisi N.Nazarbaevting Kazakhstan khalkınajoldauı. 2018 jilgi 5 qazan // https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan [in Kazakh].

Memleket basshisi Kasım-Jomart Toqayev Turki tildes memleketterding intumaqtastiq kengesining VIII Sammitine qatıstı, 12.11.2021// <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokayev-turkitildes-memleketterdin-yntymaktastyk-kenesinin-viii-sammitine-katysty-12105020> [in Kazakh].

Nazarbaev N.A. Strategiya stanovleniya i razvitiya Kazakhstana kak swverennogo goswdarstva. Alma-Ata, 1992 g. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30006969 [in Russian].

Toqayev K.K. Pod styagom nezavisimosti. Ocherki o vneshney politike Kazakhstana. Almaty: Bilim, 1997. S. 14-15 [in Russian].

Toqayev K.K. Tovaroorot Kazakhstana so stranami Centralnoy Azii viros v 1,5 raza // kapital.kz. 06.08.2021 <https://kapital.kz/gosudarstvo/97772/tovaroorot-kazakhstana-so-stranami-tsentral-noy-azii-vyros-v-1-5-raza.html> [in Russian].

Tovaroorot mezhdu Rossiei i Kazakhstanom v 2019 // Sputnik Kazakhstan godw <https://ru.sputnik.kz/infographics/20200212/12829821/tovaroorot-russia-kazakhstan-2019.html> [in Russian].

Cjan Syao Chrezvichayny i Polnomochny Posol Kitaiskoi Narodnoi Respubliki v Respublike Kazakhstan interview // Astana Akshami. 10.09.2021. <https://www.fmprc.gov.cn/ce/ceka/rus/dszc/emba/t1911754.htm> [in Russian].

V 2020 godu tovaroorot mejdy Kazakhstanom i SSHA sokratilsya na chetvert // Kapital.kz. 16.07.2021. <https://kapital.kz/economic/97259/v-2020-godu-tovaroorot-mezhdu-kazakhstanom-i-ssha-sokratilsya-na-chetvert.html> [in Russian].

V 2020 godu tovaroorot mezhdu RK i ES sostavil \$85 mlrd. 24.09.2021 // <https://kapital.kz/economic/98992/v-2020-godu-tovaroorot-mezhdu-rk-i-yes-sostavil-85-mlrd.html> [in Russian].

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РҒАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды